

**Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі
ғылыми-техникалық ақпарат орталығы**



**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ
№266 САНЫ**

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитеті

Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі
ғылыми-техникалық ақпарат орталығы



«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ №266 САНЫ
(түпнұсқа мәтін және аударма)

Алматы, 2013

Бұл кітапша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығында әзірленді.

УДК 070:94(574)

ББК 76.02:63.3(5қаз)

Қ17

Қ17 «Қазақ» газетінің 266-саны (түпнұсқа мәтін және аударма). / Баспаға әзірлеген Палтөре Ықтияр.– Ғылыми басылым – Алматы, 2013. 40 бет.

ISBN 978-601-7333-03-4

«Қазақ» газетінің 266 санында сол тарихи кезеңдегі елдегі саяси жағдай «Мемлекет кеңесі», «Түрік-татар қауымдарының баяндамасы», «Ішкі хабарлар», «Алдымыздағы борыштар», «Өткен қате», «Таланған қазақтар» деген сияқты негізгі тақырыптарда сөз болады.

Біз «Қазақ» газетінің шыға бастағанына 100 жыл толуына орай соңғы кезде біздің сирек қордан табылған 266 санын көпшілік назарына ұсынып отырмыз.

Кітапша ғылыми зерттеушілерге, студент жастарға, жалпы көпшілік қауымға арналады.

УДК 070:94(574)

ББК 76.02:63.3(5қаз)

ISBN 978-601-7333-03-4

© Құжаттану және мұрағат ісі
жөніндегі ғылыми-техникалық
ақпарат орталығы

© Палтөре Ы. М.

e-mail: ykhtiyar@inbox.ru



АЛҒЫСӨЗ

Рахымбаева Алкия Мұхамедияқызы
Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі
ғылыми-техникалық ақпарат орталығы
директоры

Біз сөз еткелі отырған «Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылдың 2 ақпанында жарық көріп, 1915 жылдан бастап аптасына екі рет шығып отырғаны көпшілікке белгілі. Бұл газеттің жарыққа шығуына тікелей атсалысқан Әлихан Бөкейханов, бас жазушысы, яғни бас редакторы – Ахмет Байтұрсынұлы, екінші жазушысы – Міржақып Дулатов, ал 1918 жылы шыққан бірнеше санының редакторы – Жанұзақ Жәнібеков болған-ды.

Ал қолымыздағы газеттің 266-санын шығарушы Міржақып Дулатұлы.

«Қазақ» газетінде XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шаруашылық жағдайына, жер, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған түрлі мақалалар жарияланып тұрды.

Газетінің 5 жылға созылған азғана ғұмыры тарихи оқиғалардың аса бай шежіресі арқылы оны қазақ ұлтының энциклопедиялық басылымы дәрежесіне дейін көтерді деуге болады.

Нақты деректерде, газеттің жарық көрген жалпы 265 саны бар деп көрсетіледі. Мысалы, 2003 жылы шыққан «ҚАЗАҚСТАН» Ұлттық Энциклопедиясының 5-томында: «Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газет. Араб әрпімен қазақ тілінде, 2.2.1913 – 26.9.1918 жылдар аралығында Орынборда аптасына бір рет (1915 жылы – екі рет) шығып тұрған. Барлығы 264 саны жарық көрген. Таралымы 3 мыңнан 8 мың данаға жеткен», – деген мәлімет берілсе, интернет желісіндегі «уикипедия» – ашық энциклопедиясында: «Қазақ» газетінің жалпы 265 саны жарық көрді», – делінеді. Бір қызығы – биыл «Қазақ» газетінің шыға бастағанына 100 жыл толып отырғанда газеттің 266-саны бар екендігі белгілі болып отыр. Қазір жалғыз



түпнұсқасы саналатын «Қазақ» газетінің 266-саны «Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығының» сирек қорында сақтаулы. Бұл қорда «Қазақ» газетінің әртүрлі мезгілде жарық көрген 48 саны сақталған. Газеттің 266-саны бұл қорда бұрыннан болса керек, тек елеусіз, ескерусіз жатып қалған деген пікірдеміз. Өйткені мен осы орталықтың директоры болып келгелі біраз уақыттан бері бұл сирек қорға сырттан ешқандай құнды құжат, газет-журнал немесе кітап келіп түскен жоқ. «Қазақ» газетінің 266-саны туралы дерек келтірілмей, көпшілік орындарда, ғылыми басылымдарда 265-санымен ғана шектелген. Бұл газеттің 266-саны сирек қорымызда сақталғаны жайында телехабарларда («Қазақстан» арнасының «Таңшолпан» бағдарламасында және 19 ақпанда «Еуразия» телеарнасының жаңалықтар бағдарламасында) айтылып, хабардар етілгенде бұл хабар көпшілікті елең еткізетін жағымды жаңалық болғаны рас. Бұл жаңалық біздің «Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығына» еліміздегі зиялы қауымның назарын аудартты. «Қазақ» газетінің 266-саны жайлы теледидардан хабар таратылғанның ертесіне тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ.Қойгелдиев біздің орталыққа арнайы келіп, газеттің 266-санымен танысып, шынында да газеттің бұл санын алғаш көріп тұрғанын айтты. Мұнан кейін екінші болып тарих ғылымдарының докторы Светлана Смағұлова да келіп газет мәтінімен танысты.

Газеттің бұл саны бүгінге дейін ең соңғы саны саналып келген 265-санынан бар-жоғы 10 күннен кейін жарыққа шыққаны белгілі болып отыр. Газеттің 266-санының алғашқы бетінде: «Жасасын Алаш автономиясы! Көркейсін Алаш!» атты айдармен мақала берілген екен. Шыны керек, араб қарпімен жазылған бұл газеттің мәтінін біз оқи алмаймыз. Сондықтан мамандарға жүгінуге тура келді. Осы орайда жас шығыстанушы маман Палтөре Ықтияр «Қазақ» газетінің 266-санының толық мәтінін қазіргі кириллицаға түсіруге, кейбір сирек кездесетін сөздерге түсініктеме беруге келісті. Осылайша, газеттің 266-санын қазіргі қолданыстағы әліпбиге түсіріп, баспаға әзірлеу жұмысы жас ғалым Палтөре Ықтиярға жүктелді. Бұл шағын еңбекті қағаз бетіне басып, көпшілікке, зерттеуші ғалымдарға ұсыну,



кітапханаларға тегін тарату ісін біздің «Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» өз мойнына алды. Осылайша, бір күн ілгері болса да, халқымыздың игілігіне жарар деген мақсатта газеттің 266-санын арнайы шағын жинақ ретінде оқырмандарға ұсынып отырмыз.

Қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі мен ақындығы туралы көлемді мақала («Қазақтың бас ақыны») осы «Қазақ» газеті бетінде басылуы да көп нәрсені аңғартады. Қазақ тілі мен әдебиеті жайында А.Байтұрсынұлының, Ә.Бөкейхановтың, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердіұлының мақалалары жарияланған. М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, С.Дөнентаевтың, Б.Майлиннің, С.Торайғыровтың, Ғ.Қараштың, Қ.Серкебаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың өлеңдері, әңгімелері, әдебиет туралы сын мақалалары осы газет арқылы көпшілікке жетті. Аударма саласында Л.Толстойдың, А.Чеховтың, М.Лермонтовтың, В.Короленконың, И. Крыловтың шығармалары жарық көрді. Міне, мұның бәрі газеттің өз заманында атқарған қызметін, оның құндылығын аңғартады.

«Қазақ» газетінің шығуына атсалысқан барша алаш зиялыларына бас иіп, құрметпен еске аламыз. Сол кездегі түрлі қиындықтар мен ауыртпалықтарға мойымастан, мал-жанын аямай, осы газеттің шығуына, қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуына, тарихына қатысты түрлі көлемде мақалалар жарияланып тұруы ерен еңбекті қажет еткені баршаға аян.

Біздің басты міндетіміз – қазақ халқының мүддесі үшін барын салған алаш зиялыларының ой-толғамдарын, мақсат-мұратын, рухани күш-жігерін бүгінгі тәуелсіз елдің жастарына үлгі ету. Жастарды еліміздің бірлігі, тыныштықтың баяндығы, қазақ ғылым-білімінің қарқындап дами беруі үшін үлес қосуға үндеу. Лайым, жастарымыз білімді әрі ұлтжанды азаматтар болып өссін деп тілейік.



Алаш зиялыларынан жеткен аманат

Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы
тарих ғылымының докторы,
профессор

«Қазақ» газетінің материалдары тарихшы ғалымдар үшін мынадай екі тұрғыдан құнды. Біріншіден, газет материалдары ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы болып өткен түрлі қоғамдық үдерістерді зерттеп тану үшін аса бағалы деректер көзі болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму арнасында өмірге келген бұл басылым, ең алдымен, бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. Демек, отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы ұлт зиялылары жүргізген азапты күрестің негізгі идеялық бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ» материалдарынсыз мейлінше тура түсіну, әрине, мүмкін емес.

«Қазақ» газеті шыққаннан кейінгі мезгілде қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жаңа сапаға көтеріліп, оның негізгі мақсаттары, таяу арадағы міндеттері мен стратегиялық бағыт-бағдарлары айқындала бастады. Сондай-ақ «Қазақ» жалпыұлттық қоғамдық ойдың ұйтқысына, ұлт-азаттық интеллигенция қызметінің демократиялық мазмұн және сипат алуына, осы бағыттың біржола қалыптасуына қызмет етті.

Біздің қолымызда ұлт тарихында, оның өзін өзі тану жолында терең із қалдырған, сондықтан да өзіндік қайталанбас ерекше орны бар «Қазақ» газетінің соңғы 266-ншы нөмірінің факсимилдік нұсқасы. Бұл нөмірдің ғылым үшін маңыздылығына қысқа болса да тоқталып өту парыз. Газеттің бұл саны қазақ саяси басқарушы тобы үшін өте күрделі кезеңде, яғни билік үшін азамат соғысының басталып кеткен сәтінде жарық көрді. Бас мақалада (авторы М.Дулатұлы) автордың ғана емес, жалпы алаш зиялыларының күрделі кезеңдегі саяси ұстанымынан біршама түсінік алуға болады. Алаш зиялылары, әрине, большевизмге қарсы, ақгвардия-



шылар жағында. Сонымен бірге, олар мемлекеттегі саяси жүйенің мазмұнын бүкілресейлік құрылтай жиналысы арқылы шешу жағында. Ал құрылтай жиналысының бірден-бір міндеті империя құрамындағы қазақ сияқты елдердің «құқықтарын танып» оларға мемлекеттік автономия алу мүмкіндігін туғызу болып табылады.

Міне осы ұлт алдындағы аса маңызды мақсатты белгілей отырып, алаш зиялылары өзінің түпкілікті мақсатына, яғни ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту ісіне жақындай түскен еді.

Қорыта айтқанда, «Қазақ» газетінің материалдар арқылы ұлт зиялылары бар болғаны бес жылдың ішінде жалпыұлттық идеология жасақтау ісінен ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту әрекетіне дейін көтерілгендігін аңғару қиынға түспейді.

Сондай-ақ, бұл санның шығарушысы Міржақып Дулатұлы газеттің бұдан кейінгі де нөмірлерін шығарудан үміттеніп, оқырмандарын жалпыұлттық басылымды қолдауға шақырды.

Қалай болғанда да «Қазақтың» бұл саны кейінгі ұрпақ үшін алаш зиялыларынан бізге жеткен аманат есебінде қабылданады. Ал ол аманат бүгінгі біз қол жеткізген мемлекеттік тәуелсіздікті сақтау және оны нығайта түсу.

Ең соңында айтарымыз газеттің бұл санының кириллицаға түсіріліп, кітапша ретінде оқырмандарға ұсынылуы құптарлық іс екендігі хақ.



«Қазақ» газетінің 266-саны

Жұбаева Орынай Сағынғалиқызы
филология ғылымдарының докторы,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының грамматика бөлімінің
менгерушісі

XX басырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Бұл кезең – қазақ қоғамының рухани жағынан серпілген, ұлттық сананың оянған кезеңі болды. Ұлттық ұйысу кезеңінде алаш зиялылары тағдырларын ұлттық мүддемен байланыстыра отырып, мәдени-рухани күреске көшті, қазақ әдебиетін, өнерін, тілін, оқу-білімін, ғылымын күшейтті. Бұл кезең тарихта қазақ халқының рухани өркендеу кезеңі ретінде танылды. *«Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиетпен сақтауға міндеттейді. Алаштың асыл аманаты ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады»*, – деп Елбасымыз атап өткендей, осы кезеңнің тарихи маңызын нақтылай түсу өскелең ұрпақ үшін, қазақ елінің өміршеңдігі үшін аса қажетті қадам болмақ. Алаш зиялыларының қажырлы еңбегінің нәтижесінде жарық көрген басылымдардың бірі – «Қазақ» газеті болды. Бес жылдық қызметінде газет XX ғасырдың басындағы қазақ тарихынан алаш зиялыларының қоғамдағы орны, өзіндік бет-бейнесі туралы мол дерек беретін энциклопедиялық деңгейдегі басылым болды. Онда сөз болған мәселелер бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, қазақ руханиятының қазіргі көкейтесті мәселелерімен сабақтасып жатыр.

Бүгінгі таңда, өткен тарихымызды түгендеп, тағылым алуымыз қажет тұста сол кезеңдегі әр басылымның, оның әр санының, ондағы әр мақаланың орны ерекше. Осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан қалыс қалып келген «Қазақ» газетінің 266-



санының да өзіндік тарихи маңызы бары сөзсіз. Сол себепті Палтөре Ықтияр баспаға әзірлеп отырған газеттің осы санының қазіргі әріпке түсірілген нұсқасы бүгінгі ізденушілер үшін, жалпы қазақ қоғамы үшін мол дерек берері анық. Газеттің бұл санында Мадиярдың (Міржақып Дулатов) «Жасасын алаш автономиясы! Көркейсін алаш!» атты мақаласы берілген. Сол сияқты басылымда қазақ тарихынан құнды мәлімет беретін, қазақтың көрген зорлық-зомбылықтары туралы мақалалар («Мұсылман уәкілдерінің сиезі», (Түрік-татар қауымдарының баяндамасы», «Алдымыздағы борыштар», «Өткен кате»), сол кездегі қазақ қоғамындағы өзгерістер, жаңалықтар да («Ішкі хабарлар», «Таланған қазақтар» т.с.с.) молынан қамтылған. Мұхтар Әуезов: *«Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына дейін түгелімен ой түсіріп, өлі ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын»,* – деп жазғанындай, басылымның әр санынан ел болашағы үшін күрескен, елінің ертеңін ойлаған алаш зиялыларының қажырлы еңбегі көрінеді. Сонымен қатар бұл санда сол кездегі Қазақстанның топонимикалық атаулары да молынан берілген. Мысалы, осы санда Лепсінің бұрынғы атауы «Шұбар ағаш» деп аталғаны туралы деректер келтірілген.

Газет XX ғасырдың басындағы ұлттық тілдің даму ерекшеліктері, актив және пассив қолданыстар, әдеби тіл жанрларының қалыптасу, даму ерекшеліктері туралы нақты ақпарат береді. Басылым бетінен сол кездегі терминдердің қалыптану, тұрақтану сипатын да аңғаруға болады. Бұл орайда құрастырушы Палтөре Ықтияр газеттегі мәтіндерді өз тарапынан редакцияламастан, сөйлемдер мен сөз орамдарын стильдік тұрғыдан өзгертпестен, түпнұсқа күйінде берген. Сол арқылы әдеби тіліміздің сол кезеңдегі дамуы шынайы түрде көрініс тапқан. Сондай-ақ араб тілінің маманы ретінде қазіргі кезде түсініксіз болып кеткен бірқатар араб сөздерінің түсініктемесін де беріп отырған. Құрастырушы қазіргі оқырманның оқуына ыңғайлы болу мақсатын көздеп, ол кезде қосар әріптерді (ұу, үу, ыу, іу; ый, ій)



қазіргі нормаға сәйкес жалаң түрде (у,и) берген. Сонымен қатар *хукумет, нақысы* сөздері де қазіргі нормаға сәйкестендірілген.

Бүгінгі таңда тәуелсіздік жолында аянбай еңбек еткен алаш зиялыларының еңбектерін жинақтау, қайта бастыру ісі жанданып келеді. Бұл орайда Ресейде (Петербург, Астрахань қалаларында), көршілес түркі республикаларында жарық көрген басылымдардың санын, кітаптарды әлі де түгендеп, қазіргі оқырмандарға ұсыну қажет. Қазақ тарихын ұлт мүддесі тұрғысынан саралап, ақтаңдақтардың басын ашу қажетігі даусыз. *«XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі «Алаш» партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр»,* – деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай (Назарбаев Н. Ұлттың ұлы мұраты жолында ұйысайық // «Егемен Қазақстан» газеті, 2008 жылдың 31 мамыры), Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы күресі тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған Қазақ елі үшін тағылымы мен ғибраты мол жол болмақ. Алаш зиялыларының азаттық жолындағы істерінің байыбына барған сайын бүгінгі тәуелсіздігіміздің мәнін сезінеріміз анық.



Баспаға әзірлеушіден


Құрметті оқырман! Сіздерге 1918 жылы 26 қыркүйекте шыққан «Қазақ» газетінің 266-санын араб әліпбиінен қазіргі қолданыстағы кириллицаға түсіріп ұсынып отырмыз. Газет мәтінін кириллицаға түсіру барысында ешқандай өзгерту, редакциялау жұмысы жасалған жоқ. Сөйлемдердің құрылысы, сөз орамдары сол қалпында өзгеріссіз берілді. Біріншіден, бұл сол кездегі зиялы қауымның, қазақ халқының тілдік қолданыс аясын анықтауға септігін тигізсе, екіншіден, газет мәтініндегі адресант пен адресат арасындағы рөлдік қатынастарды, модальді-прагматикалық аспектілерін, жалпы қазақ медиамәтін прагматикасының бастауын зерттеуге пайдасы тиер деген пікірдеміз.

Осы тұста ескертілетін жайт – газет мәтінінде кездесетін кейбір сөздердің жақша ішіндегі түсіндірмелері газеттің түпнұсқа мәтінінде бар. Оны сол қалпында бердік. Өз тарапымыздан берілген түсініктемелер мен қосымшалар сілтемеде ғана берілді. Тағы бір айтылуы тиіс мәселе газеттің осы санында жиі қолданылған араб тіліндегі «хукумет», «һақысы», «ұғлы», «волус» деген сияқты сөздер қазіргі қолданыстағы фонетикалық өзгеріске ұшыраған «үкімет», «ақысы», «ұлы», «болыс» деген үлгілеріне алмастырылды. Ал араб және орыс тіліне енген «Русия», «матбуғат», «уафат», «тәдбир», «сукут», «иттифақ», «иждиһад», «милли идаре», «январь», «февраль», «август», «номер», «закон», «собрание», «запас», «копия» деген сияқты т.б. кірме сөздерді сол қалпында өзгеріссіз қалдырдық. Сілтемеде бұл сөздерге қажетіне қарай қысқаша түсініктемелер мен қосымшаларды сол беттің соңына беріп отырдық.

Оқырмандар бұл ұстанымдарымызды дұрыс түсінеді деген ойдамыз.

Палтөре Ықтияр

مطکک کی کسی تار - تار کا قطر مقرر ہے یا نامعینی
آئینہ کی ہر تار، آئینہ کی ہر تار، آئینہ کی ہر تار
ہم اس کا



گزارشی اورنگبورا چیتپتہ ایکی چٹادی

جاسا سن آلاچ آفتونو ميا سي ! کور که يسن آلاچ !

[illegible][illegible][illegible][illegible][illegible][illegible][illegible][illegible]



Бірінші беттің аудармасы:

Бұл нөмірде: Мемлекет кеңесі. Түрік-татар қауымдарының баяндамасы. Ішкі хабарлар. Алдымыздағы борыштар. Өткен қате. Таланған қазақтар. Ғәм басқалар.

«Қазақ» газеті Орынборда жетісіне екі шығады.

1913-жыл 2-февральда шыға бастады.

Алтыншы жыл шығуы.

ЖАСАСЫН АЛАШ АВТОНОМИЯСЫ! КӨРКЕЙСІН АЛАШ!

Мемлекет кеңесі

Русияға¹ ортақ бір үкімет жасау һәм ол үкіметтің жол-жобасын түзеу туралы мемлекет кеңесі бір ауыздан төменгі қаулыны қабыл етті:

Бес кісіден директория (үкімет ұйымы) сайлансын. Үкімет тізгіні бесеуіне берілсін. Бұл бес кісі, ана партия, мына партия демей, халық алдында беделі, сенімі артқандардан болсын.

Бұл бес кісілік үкімет ұйымы январь басына шейін мемлекетті өздігінен билеп тұрсын, онан кейін құрылтай кеңесіне есеп берсін.

Құрылтай 1919-ыншы жыл, 1-нші январьда жиналсын. Кеңеске келген мүшелері 250-ге толса, құрылтай мәжілісі ашылсын. Егер 250-ге толмаса, екі айдан соң қайтадан шақырылсын, бірақ бұл жолы жиналған мүшелер 170-ке толса да, мәжіліс ашылатын болсын.

Жаңа үкіметтің қолданатын ережесі мынадай болсын.

- 1) Мемлекет құрылтайына мойынсұну;
- 2) Русияны большевиктерден құтқару;

¹ Русия араб сөзі, қазіргі қолданыстағы «Ресей» мағынасында.



- 3) Большевик үкіметі мен Германия арасында жасалған бітімді бітім демей, одақтас мемлекеттермен қосылып, өз жерімізді құтқарғанша Германиямен соғысу;
- 4) Тәртіпке құл, айбынды, күшті әскер жасау;
- 5) Автономия болатын халықтардың құқықтарын танып, Русияны ұйымдасқан бір мемлекет күйіне келтіру;
- 6) Мекенденген жері жоқ елдерге мәдени-ұлт автономия болуға ерік беру;

Мемлекет кеңесінде бірауыздан қабыл алынған ереженің негізі осылар.

Орыс халқының надандығынан, намыссыздығынан былтырғы февральдан бері Русия тоқсан тоғыз күйге ұшырады. Еуропа соғысы себепті толғағы жетпей тұрған бостандық Русияны көркейтудің орнына жоғалтуға таяды. Бостандық қадірін білушілер аз болды. Жұрттың көбі бостандықты өзінше түсініп кетті. Неше жүз жылдан бері ерлердің еңбегі сіңген есіл бостандық құлдыққа, камшыға үйренген көкмиларға қор болды.

Былырда бері Русия халқы үкімет өзгерісінің қызығын көрді. Социалист те, капиталист те, аралас та үкіметтер болды. Ең соңында большевик үкіметі мемлекет тізгінін қолына алғанда халық қандай күйге ұшырағаны һәм ұшырап тұрғаны көз алдымызда.

Уақытша үкімет жоғалып, большевикті жұрт үкімет демей, бірнеше ай үкіметсіз тұрып едік. Не болды?

Үкімет болмаса, закон болмаса, халық бетімен жайылып, большевикше бірін-бірі талап, қырып-жойып жоқ болады.

Міне, осы хәлді ойлап Уфада 8-нші сентябрьден бері болып жатқан мемлекет кеңесі ортақ үкімет жасау тақырыпты келісіп отыр. Бұл кеңесте неше түрлі халықтың, партияның, үкіметтің уәкілдері бар. Бұлардың пікірлері де, тілектері де басқа-басқа. Сөйтсе де жыл жарымдық тәжірибе алалықтан² пайда жоқтығын

² алауыздықтан



көрсеткен, қазіргі Русияның басына келіп тұрған ауырмалдық³ Русиядағы халықтардың бәріне бірдей екендігіне көздері жеткен, әр таптың⁴ өз алдына жұрт болуы үшін де осындай бірлік қажет екендігі білінген. Соның үшін мемлекет кеңесі екі-үш жұмадай толғанып бір қаулыға келіп отыр.

Жаңа үкіметті құттықтап, жолың болсын дейміз. Бірақ үкіметтің жолы болып ойлаған мақсатына жету үшін халықтың күш-көмегі қажет. Үкіметтің соңынан еруші халық болмаса, ондай үкіметтің жолы болмақ емес. Үкіметтің жолы болмаса, халықтың да жолы болмақ емес.

Мадияр.

Жоғарыда бес кісілік директория⁵ сайланбақ болды деген едік. Директорияға кімдер сайланғандығы туралы Ғалиханнан телеграм алынды.

Директорияға сайланғандар: Астров⁶, Авксентьев⁷, Чайковский⁸, Болдырев⁹ һәм Вологодский¹⁰.

Бұлардың кандидаттары: Виноградов¹¹, Аргунов¹², Зензинов¹³, Алексеев¹⁴ һәм Сапожников¹⁵.

³ ауыртпалық

⁴ әр ұлт өкілінің

⁵ Директория (фр. *directoire*) – жоғарғы биліктің ерекше алқалық басқаруды ұйымдастыру нысаны.

⁶ Николай Иванович Астров (26 ақпан 1868, Москва – 12 тамыз 1934, Прага) – орыстың саяси және қоғамдық қайраткері.

⁷ Николай Дмитриевич Авксентьев (16 қараша 1878, Пенза – 4 наурыз 1943, Нью-Йорк) – орыстың саяси қайраткері. Уфа Директориясының төрағасы.

⁸ Николай Васильевич Чайковский (26 желтоқсан 1850 жыл, Вятка – 30 сәуір 1926 жыл) – орыс революционері, Солтүстік облысы Уақытша Үкіметінің төрағасы.

⁹ Василий Георгиевич Болдырев (5 сәуір 1875, Ресей империясы, Сызрань – 20 тамыз 1933) – орыстың әскери және мемлекеттік қайраткері, орыс әскер қолбасшысы, генерал-лейтенант. Ресейдің Шығысындағы Ақтар қозғалысының қатысушысы. Директория әскерінің бас қолбасшысы.

¹⁰ Пётр Васильевич Вологодский (30 қаңтар 1863, Курышинское ауылы, Канск округы Енисей губерниясы – 19 қараша 1925, Харбин) – орыстың мемлекеттік және қоғамдық қайраткері.



Түрік-татар қауымдарының баяндамасы

Русияға ортақ бас үкімет сайлау туралы мұсылмандар кеңесіп, бір ынтымаққа келгендігі жазылып еді. Мемлекет кеңесінде мұсылманнан сайланған құрылтай мүшелерінің, Башқұртстан, Түркістан, Алаш Орда, Ішкі Русия һәм Сібір түрік-татарларының милли идаресі¹⁶ атынан Ғалихан¹⁷ шығып мынаны сөйлеген:

Біз – бұратаналар әр уақыт демоктария (жалпы жұрт) тарапында болып келдік һәм сол демократия негізіне құрылған республика болады деп тұрғанымызда большевиктер құрылтайды қуды.

Большевиктер жалпы жұрт арасындағы бірлікті жоғалтты. Сонымен бірге біздің жаңа Русия туажағына байланған зор үмітімізді де жоққа шығарды.

Қазір Русияның түрлі өлкелері большевиктен құтылып келеді. Сондықтан большевиктен арылған орындарда жергілікті үкіметтер құрылып тұр. Бұл бір табиғи хал. Неге десеніз ондай үкіметтер болмаса, бірімен бірі байлаусыз Русияның бөлімдерін басқару ешбір мүмкін болмас еді. Бірақ бұған кейбіреулер Русиядан бір жола бөліну яки бөлінуге қам қылу деп қарайды. Бұл пікір қате. Мұндай пікірде болушылар әлі біреуді қолдану жолынан басы айналып шығалмай жүргендер. Ондайлардың пікірінше, біздер

¹¹ Владимир Александрович Виноградов (1874 – ?) – орыстың саяси қайраткері. Мемлекеттік думаның депутаты.

¹² Андрей Александрович Аргунов (Воронович, Кубов, 19 қазан 1866, Енисейск – қаңтар 1939, Прага) – орыстың саяси қайраткері, революционер, социалист-революционерлер Партиясы мүшелерінің бірі.

¹³ Владимир Михайлович Зензинов (29 қараша 1880, Москва – 20 қазан 1953, Нью-Йорк) – орыстың саяси қайраткері. эсер.

¹⁴ Михаил Васильевич Алексеев (3 (15) қараша 1857, Тверск губерниясы, Ресей империясы – 25 қыркүйек (8 қазан) 1918, Екатеринодар) – Бірінші Дүниежүзілік соғыстағы орыстың ірі қолбасшысы.

¹⁵ Василий Васильевич Сапожников (9 (21) желтоқсан 1861, Пермь – 11 тамыз 1924, Томск) – орыс ботанигі, жағрапияшы, саяхатшы.

¹⁶ ұлттық басқармасы

¹⁷ Әлихан Бөкейхановты меңзеп тұр. Бұдан бұлай «Әлихан» атауымен береміз.



(бұратаналар) құл да, өздері қожа. Бұл жолдан қайту керек. Біз Русиядан бір жола айырылуға тілемейміз.

Біз таралмаған, бөлінбеген, бірақ әр жұрттың өз тізгіні өзінде болып автономиялардан құралған Русия тарапындамыз. Біздің пікірімізше қазір барлық билік Русияның қожасы болған құрылтайда болуға тиіс. Құрылтай жиналғанша әкімшілік жаңадан түзілетін коллегиямен (әр таптан сайланған бірнеше кісі) құрылтай мүшелерінің қолында болуға тиіс. Біз келісу, түсінісу жағындамыз. Һәм айтамыз: Русияда әр бір ұлтын сүюші адам осы пікірде болуға керек. Осындай бірігу, түсінісу, келісу арқасында ғана Русия қазіргі қиын халдан аман шыға алар.

Қазір сайланатын әкімшілік келісу негізінде құрылып, құрылтай мүшелері мен бірлікте закон шығара алатын коллегия тарапынан құрылтай алдында жауапты министрствалар құрылсын.

Сайланатын жаңа үкіметке осы мемлекет кеңесіне қатынасқан әр таптан уәкілдер кірсін. Олардың саны мынадай болсын:

Құрылтай комитетінінен 4 кісі, казашылардан 1 кісі, милли идаре, Башқұртстан, Түркістан, Һәм Алаш Ордадан 1 кісі.

Барлығы 7 кісілік коллегия болып, бұл коллегия өзінің Һәм құрған министрствасының уакалаттарын¹⁸ құрылтай жиналысы мен соған тапсыратын болсын.

Аяғы бар.

Екінші бетте:

(2-беттің түпнұсқадан алынған көшірмесі 18-бетте)

Ішкі хабарлар

Уфада болып жатқан мемлекет кеңесінің бірінші мақсаты Русияға ортақ бір үкімет жасамақ¹⁹ еді.

¹⁸ барша істерін

¹⁹ жасау мәселесі



Үкімет құру жайын тексеріп, ынтымақтасуға әр таптан бір-бірден уәкіл шығарып, барлығы 23 кісілік бір комиссия сайланған. Мұсылмандардан бұл комиссияға кіргендер: Башқұрт үкіметінен Ахмет Зәки, Ноғайлардан Сұлтанбек, Түркістан автономиясы атынан Мұстафа, Алаш Ордадан Әлихан.

Соңғы телеграм хабарынша²⁰ үкімет жасау туралы мынадай келісу болған:

Үкімет бес кісіден сайланбақ, бұл бес кісі партиядан емес, ел билеуге лайық адамдардан болмақ. Бұл жаңа үкімет алдымыздағы 1-нші январьға шейін ешкімнің алдында жауапты емес. Бірақ жаңа жылдан соң осы күнгі құрылтай жиналысы шақырылады. Сол жиналысқа үкімет істеген істері жайынан есеп береді.

Мұнан кейін құрылтай жаңа сайлау туралы закон шығарады. Қажет болса, жаңадан үкімет сайлайды, бар билікті оған тапсырып, өзі тарайды.

Жаңа жылдан кейін шақырылатын құрылтай жиналысына 250 мүшесі келсе ғана кеңес болады. Егер 1919 жыл 1-нші январьда 250 мүше жиналмаса, құрылтай кеңесін екі айдан соң қайта шақырады. Бұл жолы 170 мүшесі жиналса да, құрылтай кеңесі болады.

Мұсылман уәкілдерінің кеңесі

Уфада барша мұсылман уәкілдерінің кеңесі болды. Кеңес бастығы Әлихан, хатшылары Мұстафа Шоқайұлы, Сұлтанбек Мәмлейұлы. Бұл кеңестің мақсаты бүкіл мұсылман (Түркістан, Башқұртстан, ноғай, қазақ-қырғыз) болып, мынау мемлекет кеңесінде ынтымақпен сөз сөйлеп, тілекті бір жерден шығармақ еді һәм осыған қаулы қылысты. Мемлекет кеңесінде мұсылмандар атынан Ғалихан шығып сөйледі.

Қазан һәм Симбир алыну – Қазан һәм Симбир шаһарын большевиктер алды.

²⁰ Ең соңғы жеткен телеграммадағы хабарға қарағанда



Полоцкі алыну – Полоцкі шаһарын большевик әскері алды.

Пермь алынды – Пермь шаһарын чехословактар һәм халық әскері алып, большевиктерді қуды.

Ақтөбе майданы – Мортқық станциясынан әрі қарай Ташкент жолы большевиктер қолында еді. Жаңада²¹ бұл жаққа Орынбордан көп әскер жіберілді. Қазір онда атты-казактар һәм башқұрт әскері соғысып жатыр, кешікпей большевиктерді Ташкентке қарай қуар, қайтып Орынборға жақындамастай қылар деген үміт зор. Орынбор алынғалы Ақтөбе жағының большевигі арылмай тұрған себебі атты-казактардың бір сыпырасы екен. Шаруасына қарап һәм Башқұрт әскері де баралмай тұр еді. Енді бұлар жабылап аттанды.

Ақтөбе хабарлары – Ақтөбеден Орынборға атпен қашып келген адамдардың айтуына қарағанда Ақтөбенің қаласында һәм уезінде большевиктер көңіліне алғанын істеп жатыр дейді. Күнде талау, күнде кісі өлтіру, мұжықтарды қорқытып, қызыл армияға алады дейді. Қашып құтыла алмаған «буржуилар»-дың бәрі абақтыда болса керек. Ақтөбе уезінің большевиктен арылмаған жағындағы казактардың халі нашар дейді.

Земисковое собрание – сентябрьдің 15-не шақырылған Торғай облысының земисковое собраниясі болмай қалды, гласныйлар келе алмады.

Милиция жиналу – Ақтөбе уезінің 2-ші Бөрте болысына милиция алуға шыққан уезный Алаш Орда мүшесі Бейсенбай Тыныштқыбайұлынан обласной Алаш Ордаға қағаз келді. Бұл болыстан 57 жігіт алыныпты. Өздері тіленіп жазылған жігіттер де болыпты. Халық ықыласты дейді. Бұл елден милиция жинау жұмысына көзі ашық азаматтар әсіресе, Бақыт Керей мырза Кеғырұлы өте иждиһат²² етіпті.

Уездный Алаш Орда мүшелері 19-сентябрьден бастап, Ақтөбе уезінің өзге болыстарынан милиция жинап жатыр.

²¹ Осы жақын арада

²² Қатты атсалысқан, кіріскен екен.



Қостанай – бұл уезден қазір жиналып қалаға келген милиция 400 ден асты. Тіленіп кіріп жатқан ұлтшыл азаматтар көп.

Торғай – Торғай қаласы Қостанайдан 450 шақырым. Торғай-Қостанай арасында почта, телеграф жоқ. Почта, телеграф жүретін Ақтөбе-Шалқар жағы большевик қолында. Сондықтан Торғай, Ырғыз уездеріне Алаш Орданың бұйрық жарлықтары жүрмей жатыр. Торғайдан ондағы бір зиялы азамат Қостанайға жолаушы арқылы хат жіберген екен. Ол хат почтамен мұнда келді. Хатта айтылған: Торғай, Ырғыз уездері қараңғы бір түкпірде жатыр. Дүниеде не болып жатқанынан бейхабар. Почта жүріп, Алаш Орданың бұйрық жарлығы тараса, біздің елдер Алаш тілегінен бас тартпас еді, халық қатарынан қалмас еді дейді.

Орал облысы – Орал облысы милициясын құрып алғандығы һәм жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша үй басы 100 сомнан қазына жинағандығы бұрын жазылып еді. Бұл жұмыстармен қатар мұнда жігіттерге әскер өнерін үйрететін инструкторларға (офицерлер) курс ашылып еді. Жаңада²³ бұлар оқуларын бітіріп, инструктор болып шықты.

Нәзір Төрекұлұлы – Түркістан жағынан келген бір адам басқармаға келіп, студент Нәзір Төрекұлұлы большевик болып жүр деп естиміз, рас па, оның әке-шешесін Қоканда большевиктер өлтіріп, үй мүлкін өртеп кетті деген хабарды сөйледі.

Біз Нәзірдің қазір қайда екенін һәм большевик болған, болмағанын білмейміз.

Радлов уафат²⁴ – күн шығыс халықтарының тіл, әдет-ғұрыпына, шежіресіне жетік атақты ғалым Радлов уафат деген хабарды газеттерден оқыдық.

От арба қирау – 13-нші сентябрьде кеш²⁵ Орынбордан шыққан поезд Қарғалы мен Сарт арасында қарсы келе жатқан поездға соқтығысып қираған. Бір кісі өліп, 12 кісі жараланған. Осы

²³ Осы жуық арада олар

²⁴ Дүниеден қайтты, қайтыс болды.

²⁵ кешкі уақытта



поездбен Самарға Алаш Орда қызметімен Мырзағазы кетіп еді, ол аман қалыпты.

Орынбор жағында астық – биыл бұл жақта егін-шөптің шығысы өте жақсы болды. Жаз бойы жаңбыр мезгілімен жауып тұрды. Қазір астық арзандай бастады. Мал қымбат. Бірақ нәрсе-кара жоқ. Халық киімге мұқтаж.

Одақтас мемлекеттер әскері – Владивостокке 75 мыңдай Жапон әскері, 100 мың Америка әскері 5 мың Англия әскері 5 жүз Италия әскері түсті деген хабар бар. Бұл әскерлер Русияны большевиктерден құтқармақ һәм Германияға қарсы тұрмақ.

Неміс әскері – Қазанды алғанда большевиктермен аралас неміс әскері де болыпты, большевиктерге басшы болып жүргендер неміс генералдары деседі.

Орски жағы – Орски, қазақша «Жаман қала», жақында большевиктер күшті тұрайды. Бүтін бұл майданда атты казактар болса да, саны өте көп большевиктерді алалмай тұрайды. Жаңада Орынбордан Жаман қала жағына чехословак әскері кетті. Енді бұл жақтан большевик көзін жоғалтпақ.

Алматы алынды – августың 20-ында Алматы шаһарын чехословак әскері һәм қазақ орыстар алды.

Жетісу қазақ-қырғызы һәм қазақ-орысы большевиктерден қырғын тауып жатыр дейді. Жетісу облысының обласной қаласы һәм большевиктің күшті жәбірі Алматы алынғаны зор қуаныш.

Лепсі алыну – Жетісу облысының уездный қаласы Лепсі, қазақша аты «Шұбар ағаш» алынды. Большевиктер қашты.

Ленин үшін – большевиктердің бастығы Ленин атылғаннан кейін әр жерде большевиктер кек ала бастағандығы мағлұм болып еді. Бұл туралы Ақтөбе большевиктері де халықты қыса бастаған. Қазір 200-дей адам абақтыға жабылыпты. Күн сайын 10-15 адамды атып өлтіреді дейді.



Урицкийдің құны – большевик комиссары Урицкий²⁶ атылғаны «Қазақ»-та бұрын жазылып еді. Осы Урицкий үшін Мәскеуде большевиктер 500 кісіні атып өлтіріпті.

Ақбұлақ – оба ауруы тоқталды, біраздан бері өлген кісі жоқ.

Жылу комитеті – Қостанайда қазақ зиялылары аш қазақтарға жылу комитетін ашқан еді. Жылу берушілер көбейіп келеді.

Дамбар болысының 4-нші ауыл қазағы Хасан Баймұхамедұлы 23-нші апрельде уафат болған²⁷ Рахым Баймұхамедұлы үшін 500 сом, 12-нші январында уафат болған Кенжекұл Баймұхамедұлы үшін 48 сом тапсырды.

Неміс әскері жеңілу – соңғы телеграф хабарынша Германия әскері одақтас мемлекеттер майданында жаман жеңілген. Француздар Германиядан екі мыңдай зеңбірек олжа қылып, 200 мың әскерін тұтқын қылған.

Военное положение – Орынбор қаласында һәм губерниясында военное положение иғлан²⁸ етілді.

Войсковой круг – 18-нші сентябрьде Орынбор казачыларының войсковой кругі²⁹ ашылды.

Жапон әскері – Русияны большевиктерден һәм немістен қорғау үшін шыққан жапон әскерінің алды Челябинге келді деген хабар бар.

Босқындар – большевиктер Қазанды һәм Симбирді алатын болған соң бұл қалалардың тұрғын халқынан қашып шыққандар көп болыпты. Осы тақырыпты жаңада Орынбордың уезі, губернский земствасы һәм әскери үкімет кеңесіп, Орынбор қаласына 5 мың босқынды орналастыруға қаулы қылды.

Самарға қорқыныш жоқ – Казан, Симбир алынған соң неміс әскерімен аралас большевиктер Самарды ала ма деген қорқыныш

²⁶ Моисей Соломонович Урицкий (Лақабы Борецкий, 2 (14) қаңтар 1873, Черкаissy, Киев губерниясы — 30 тамыз 1918, Петроград) — орыстың революциялық және саяси қайраткері.

²⁷ дүние салған

²⁸ жарияланды.

²⁹ Орынбор Казак Әскері, Орынбор Казак Кругы – 1918-20 ж.ж.



туып еді. Бұл туралы Чехословак бастығы, Самар үкіметінің әскери министрі Калинин һәм Орынбор әскерінің бастығы генерал Дутов Самар жағынан жауға қарсы тұрарлық әскеріміз бар. Бар күшімізді саламыз, жауды Самарға жолатпаймыз деген.

Башқұрт үкіметінің бастығы Ахмет Заки біздің әскеріміздің көбі Ташкент жолындағы майданда еді. Сөйтсе де бізде Самар жағын қорғауға әскер шығарамыз деген.

Үшінші бетте:

(«Қазақ» газетінің №266 санының түпнұсқа 3-беті 25-бетте).

Алаш уәкілдері – Уфадағы мемлекет кеңесіне барған құрылтай һәм Алаш орда уәкілдері: Ахмет Байтұрсынұлы, Ахмет Бірімжанұлы, Сағындық Досжанұлы, Ғұбайдулла Әлібекұлы, Нұрәлі Аймағамбетұлы, Халел Досмұхаметұлы, Бижанғали Жанқадамұлы, Уалитхан Танашұлы, Алихан Бөкейхан, Әлімхан Ермекұлы, Имам Әлімбекұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Мұстафа Шоқайұлы һәм Әбдірахманбек Оразайұлы, Жиһаншах³⁰ Досмұхамедұлы.

«Жас Азамат» – Қызылжардан телеграм алдық. Баспахана қызметкерлері забастовка қылған себепті «Жас Азамат» тоқтап тұр. Баспахана қалай ашылса, газетіміз тоқтаусыз шығады дейді.

Алдаш хазірет – Ақтөбе уезі Қаратоғай болысында Алдаш деген қарт хазірет бар еді. Осы кісіні жаңада большевиктер кескілеп өлтіріп кетіпті. Қан ішер жауыздардың қолынан шәһид³¹ болған хазіреттің иманы жолдас болсын.

³⁰ Жаһанша

³¹ Елі, жері, діні үшін құрбан болған



Алдымыздағы борыштар

Орынборда шығатын «Башқұртстан үкіметінің тілі» жазады: «Башқұртстан үкіметі һәм әскері өздерінің ең әуелгі борыштарын өтеді: Башқұрдстан өлкесі большевик шабуылынан құтылды. Бірінші башқұрд атты полкы, 1-нші, 2-нші һәм 5-нші жаяу башқұрд полктарының һәм өздері тіленіп кіріскен әскерлерінің екі айдан бері соғысулары һәм 3-нші полк жәрдемі саясында верхний Урал һәм Стерли уездерінде жиылған большевик әскері бұл жақты тастап қашты. Башқұртстан һәм сол маңайдағы зауаттарда большевиктің құралды әскері 15 мың 17 мың арасында еді. Соңғы айларда атағы шыққан Каширин һәм Блюхер отрядтары да әлгілердің ішінде еді. Осылардың Башқұртстанда қылмаған зұлымдығы жоқ: неше жүз деп ауылдарды талаған, өртеген, адамдарын өлтірген, әйелдерін зорлаған, неше түрлі хайуандықтың бәрін істеген еді. Міне бұлар Башқұрт һәм оларға жәрдемші казачылардың күшімен қуыла-қуыла, қырыла-қырыла кеміді. Аман қалған 8-9 мыңы Уфа-Златоуст арасындағы Шақшатау, Тюмень станцияларында темір жолды кесіп солтүстікке қарай Бөрі (Бирский) уезіне қарай шығып кетті. Бұлардың бұлайша аман құтылуының ғайыбы³² Башқұртта емес. Башқұртстан әскери шурасы³³ мұндай хәлдің болажағын алдын біліп, қызылдардың (большевиктердің) ол жолдарын кесуді ойласа да дәл кезінде біздің әскерге жеткілікті қару-жарақ берілмеу себепті ойлағанымыз болмай қалды. Уфадағы халық әскері мен чехтар өздері ғана бұл істі орнына келтіре алмады. Жолды кесіп шығып құтылған қызылдар қазір Қама өзеніне қарай бара жатыр. Онан Пермь, Вятка жағына қарай кетулері ихтимал³⁴. Қазір Башқұртстанда қызылдар қалса, олардың бәрі де тауда, сай-салада қашып-пысып жүрген уақ

³² айыбы, құтылып кетуінің себебі

³³ кеңесі

³⁴ ықтимал, мүмкін



бөлімдері. Бұларды тұрғын халықтың өзі-ақ аңша аулап ұстап алуы оңай. Сөйтіп тез арада бұлардан да халық құтылар.

Міне осы айтқан ретше елді большевик зұлымынан құтқару ісі яғни бірінші борыш өтелді. Қазір алдымызда жаңа һәм зор қызметтер тұр. Башқұртстан өлкесінде жұрт билігін түзеу, ортақ Русия үкіметін құру ісіне қатынасып, оны өз билігі өзінде болатын өлкелердің тілегеніне қарсы келмейтін бір жолға қою, мұның үшін қазір мемлекеттегі түрлі үкімдар һәм партиялармен келісу.

Бірақ бұлардан басқа қолда құралмен өтейтін қызметтеріміз де әлі біткен жоқ. Қан һәм дін қарындастарымыз һәм одақтастарымыз қазақ һәм Түркістан халқының көбі большевик зұлымы астында езіліп, бізден асығыс жәрдем күтіп тұр. Міне осыларды құтқару үшін тәдбирлер қылу да³⁵ қазір үстіміздегі зор борыш.

Бұл күнге шейін жәрдемшіміз болған Алла тағала бұл істерде де жарылқап, бұл ұлы мәселелерді халыққа пайдалы рәбушде³⁶ шешуге нәсіп етсін еді».

Өткен қате

Ақмола һәм Семей облыстары былтырғы құрылтай сайлау үшін біріктіріліп, дала округы аталған еді. Дала округында 14 список жарияланды. Бүкіл Русияда мұнша көп список жарияланған округ болмаса керек.

Список жариялаудан мақсат – құрылтайға һәр қауым, һәр партия өзінен уәкіл сайлап жіберу еді, құр ұран шеру үшін список жарияланбаса керек еді. Жоғарғы 14 списоктің бәрі дала уәлаятындағы ноғайлардың списогі болды. Ноғай ағайындарымыз жеке список шығарғанда бір уәкіл де болса, өздерінен шығуына көздері жетті ме, жоқ әйтеуір список жариялауды мақсат көрді ме, білмейміз. Бірақ дала уәлаятындағы халықтардың санына қарағанда бір уәкіл берерлік ноғай жоқ еді. Олай болса, ноғай

³⁵ алдын алу шарасын ойластыру мәселесі

³⁶ түрде



туысқандарымыз бөлек дауыс бөлмей, өздеріне ұнаған өзге бір списокке тастарын салу керек еді.

Ноғай списогін көргенде біз осылай ойлап мұны ноғайлар қалайша ескермеді екен деп таңырқап едік. Мұны ойлаған адам болған екен, жаңада біліп отырмыз.

Былтырғы 1917-нші жыл 11-нші августе Зайсан (Семей облысы) мұсылман комитетінің бастығы Уалиулла афенді Әнуаров сайлау хақында комитетте доклад қылып, бұл докладттың копиясын һәр қаладағы мұсылман ұйымдарына жіберген екен. Уалиулла афендінің доклады ескерусіз қалыпты.

Уалиулла афендінің³⁷ докладында ескі үкімет заманында мұсылмандардың басынан кешкен ауырлықтарды, қысымшылықтарды баяндай келіп, ноғай-қазақтың бірігуін тілеп мынаны айтады:

«...біз татарлар Семей облысында құрылтай сайлауында кімдермен бірігіп дауыс бергеніміз жөн, мұны біз қазір де кешікпестен айқын бір қарарға келіп қоюға тиісті деген мәселенің алдында тұрамыз, бұл мәселені қалай шешуді жұртқа лазым дәрежеде түсіндіру керек. Егер біз орыстарға қосылып дауыс берсек, бәрі бір бізден олар уәкіл кіргізбейді, егер де біз қазақпен келісіп дауысымызды бір списокке берсек, бәлкім олар біздің туысқандығымызды, көршілігімізді ойға алып бізден бір уәкіл кіргізуге разы болар. Разы болмайды екен, сонда да біз қазақпен қосылып дауыс берсек, өз туғандарымызға қосылған боламыз. Мұнымыз әлбетте, орыстармен қосылғаннан артық. Біз өз даусымызбен бір депутат та өткізе алмаймыз. Бірақ қазақ туғандарымыз да бізбен есептесуге тиісті. Біздің санымыз бұл жерде қанша аз болса да құрылтайда қазақ, татар уәкілдері қосылар деп білемін һәм қосылуға үндеймін.

Жетер енді туғандар! Түрік қауымдары бірін-бірі танымай, бөлініп жүргендіктен жауға тамақ болып, жат жұрттарға аяқ асты болғаннан не көрдік! Қазір де біздің татар зиялылары мен қазақ

³⁷ мырзаның



зиялыларының борышы екі туысканды қосу болсын, мұны ескеретін уақыт жетті!» деп докладын тамамдаған.

Жаңада жазған хатында Уалиулла афенді айтады:

«Қазір де Русия қырық құрау болып, һәр жерде һәр түрлі үкімет шығып, майданға зор мәселелер түсіп тұр. Біздің әлі де болса бірігуіміз керек. Жоғарғы докладымның копиясын мен былтыр һәр жерге жіберіп едім, жалғыз-ақ Көкпекті һәм Қарқаралы мұсылмандары бұл пікірді қабыл етеміз дегеннен басқа қазақ туғандарымнан да, татарлардан да жауап алмадым. Әлбетте, мұндай зор мәселені сынға алып, матбуғат³⁸ жүзінде баян етуге һәр екі қауым матбуғатшыларының борышы еді. Семейдегі «Халық сөзі» һәм «Сары Арқа» газеттеріне жіберілсе де олардың жауабы: вежливый сукутте³⁹ һәм икисі иттифақ⁴⁰ еді.

Мұхтарам ... афенді!⁴¹ Сіз матбуғат әһлі⁴² болғандығыңыздан менің бұл пікірімді матбуғат жүзіне⁴³ шығаруыңызды өтінемін. У.Әнуари»

«Қазақ» – Уалиулла афендінің бұл пікіріне қол қоюдан басқа айтар сөз жоқ. Уақытында ескерусіз қалғандығы өкініш. Бұл бір өткен қате. Мұнан соң мұндай мәселеге жеңіл қарамауға бұл қатенің бәлкі пайдасы да тиер. Бұл мақаланы қазақтан ат-тонын ала қашатын (Рахматулла Елкибаевтардың құлағына алтын сырға) Семей ноғайлары оқыса, жүдә⁴⁴ жақсы болар еді.

Таланған қазақтар

Ақтөбе уезінің қазақтары большевик заманында қанша қорлық көрсе де, қанша шығынға ұшыраса да, июнь айында Орынбордан һәм Ақтөбе уезінің біраз жерінен большевик кеткен соң зорлық-

³⁸ баспасөз

³⁹ үнсіздікте

⁴⁰ екеуі өзара келісімде

⁴¹ Құрметті ... мырза! (Аты-жөнін толық білмегендіктен көп нүкте қойса керек)

⁴² сіз баспасөз саласының қызметкері

⁴³ баспасөз (газет) бетіне

⁴⁴ өте



зомбылықтан құтылды я деп қуанысып еді. Бірақ большевиктен басқа да дүниеда бұзақылар бар екен. Ел аралаған атты қазақтың⁴⁵ бұзақылары Ақтөбе еліне большевиктен кем зиян келтірген жоқ.

27-нші августе Ақбұлақта 7 болыс елдің съезі болғанда, қазақтар атты-казактан көрген зиянын айтты. Съез қазақтың көрген жәбірін Орынбор атты-казағының әскер үкіметіне білдіруге қаулы қылды.

Съезд қаулысы бойынша құрылтай комитетінің Торғай облысына сайлаған уәкілі Сайдазим Кәдірбайұлы қазақтардың көрген жәбірін айтып, Орынбор әскери үкіметіне мынадай қағаз жазып отыр:

Қанша заманнан бері біздің қазақ атты казакпен тату көрші еді. Большевик дәуірі басталып, атты-казактар большевикке қарсы халықты қорғап, соғыс ашқаннан бері бұрыңғы татулық достыққа айналып еді. Атты-казактар халықты қорғаушы, большевиктен құтқарушы екенін көріп қазақтар қолынан келген жәрдемін аяған жоқ. Атты-казакқа не керек болса, соны беріп тұрды: Ат берді, азық берді, ақша берді. Елек майданында үй мүліктері өртеліп зияншылық көрген атты казактарға мол-мол жылу да берді.

Бірақ атты-казак арасынан шыққан сотқарлар өз бетімен іс қылып, осы жаз қазақтың мал-мүлкіне көп зорлық қылды.

Төртінші бетте: (4-беттің түпнұсқадан алынған көшірмесі 31-бетте).

27-нші августе Ақбұлақ съезінде уәкілдердің баяндауынша қазақ-тың көрген жәбірі мынадай болған:

- 1) Елек болысының қазағы Ақдәулет Құлшықұлының атты казактар 47 атын тартып алған;
- 2) Бірінші Бөрте болысы, 7-ші ауыл қазағы Ешім Түгелұлынан бір айғыр, бір ат, бір бие алған;
- 3) Тұзтөбе болысының қазағы Мұхамедали Өтепғали ұлынан бір ат, бір қамыт;

⁴⁵ Казактарды меңзеп тұр. Сондықтан бұл атауды бұдан бұлай «атты-казак» деп жазатын боламыз.

№266 4-беті
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ ЖӘНЕ АНПАНА ҚОҒАМЫ
№266 4-беті

Мәжіліс отырысының нәтижелері

Мәжіліс отырысының нәтижелері...

Мәжіліс отырысының нәтижелері

Мәжіліс отырысының нәтижелері...

Мәжіліс отырысының нәтижелері

Мәжіліс отырысының нәтижелері...

Мәжіліс отырысының нәтижелері

Мәжіліс отырысының нәтижелері...

Мәжіліс отырысының нәтижелері

Мәжіліс отырысының нәтижелері...

Мәжіліс отырысының нәтижелері

Мәжіліс отырысының нәтижелері...

№266 4-беті
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ ЖӘНЕ АНПАНА ҚОҒАМЫ
№266 4-беті



- 4) Тұзтөбе қазағы Төлеген Шоқанияр ұлынан 19 ат, 70 кез матасын талап алған, бұл ауылда атты казактар әйел зорлаған;
- 5) Тұзтөбе қазағы Мұхаммедғали Тілеуліұлынан бір айғыр;
- 6) Сол елден Темірғали Елемес ұлынан бес ат;
- 7) Сол елден Оқаш Сағыданұлынан екі бие, бір айғыр;
- 8) Сол елден Жұма Қарашаұлынан бір айғыр, төрт ат, үш бие;
- 9) Сол елден Әмір Айғожаұлынан екі бие, бір ат;
- 10) Сол елден Баныш Мұхамедұлынан бір ат;
- 11) Құрмағали Аймырзаұлынан бір айғыр, бір бие;
- 12) Қапақ Емашұлынан бір айғыр, бір тоқым;
- 13) Қажығали Жарылқасынұлынан бір ер-тоқым;
- 14) Менгеш Нұрбайұлынан бір тарантас;
- 15) Мұстафа Тумағазыұлынан бір ат;
- 16) Сәйдғали Ешмұқамедұлынан екі бие, бір айғыр;
- 17) Құлмұхаммед Есенбайұлынан бір бие;
- 18) Таналы Қазанбайұлынан бір ат;
- 19) Сүлеймен Өркенұлынан бір ат;
- 20) Жұмағали Аймырзаұлынан күміс сағат;
- 21) Әлғазы Сайдұлынан үш айғыр, бір бие, бір ат;
- 22) Тәжі Темірұлынан бір айғыр;
- 23) Сатай Темірбайұлынан бір ат;
- 24) Дәрібай Темірұлынан бір ат;
- 25) Рахметқұл Молдашұлынан бір ат;
- 26) Елжан Тастемірұлынан бір айғыр;
- 27) Мұстафа Қалмашұлынан бір ат жегулі арбасымен;
- 28) Иман Досұлынан бір ат жегулі арбасымен;
- 29) Ысқақ Тәжібан ұлынан 40 көлік пішен;
- 30) Жарымыш Шынымұлынан бір қой;
- 31) Қанаш Иманғазыұлынан бір қой;
- 32) Қозы Шалабайұлынан екі қой, 25 сом ақша;
- 33) Иманғазы Елжанұлынан бір қой;
- 34) Дүйсенғали Шарманұлынан бір қой;
- 35) Иманғазы Өнер-ашұлынан бір қой;



- 36) Бажықай Тастемірұлынан бір айғыр;
- 37) Арыстан Есетұлынан бір ат;
- 38) Қуанышқұл Есіргепұлынан бір ер-тоқым, бір кесек қар киіз;
- 39) Бегалы Намазбайұлынан бір ат, бір ер-тоқым;
- 40) Қойбақ Құмарбек ұлынан ат;
- 41) Тәжмұхан Жайсаңбайұлынан бір ат;
- 42) Тәуке Медубайұлынан бір ат;
- 43) Кәрке Құрманғазыұлынан бір ат;
- 44) Сәрсен Манапұлынан бір ат;
- 45) Қалесан Игенұлынан ... ат⁴⁶;
- 46) Есім Әбілұлынан үш ат;
- 47) Тұрмұхаммед Сарықұлұлынан бір бие;
- 48) Сәйдқұлан Бектемірұлынан бір бие;
- 49) Молдағазы Тегешұлынан екі мылтық;
- 50) Тілеубай Мәктүпбайұлынан бір ат;
- 51) Бейсенбай Тыныштқыбайұлынан екі ат;
- 52) Мырзағали Дәулетұлынан бір ат;
- 53) Ермұқан Мешітбайұлынан бір ат;
- 54) Бүркіт Күмбекбайұлынан бес ат;
- 55) Қазжан Қартжанұлынан бір ат;
- 56) Екінші Бөрте болысының 7-нші ауылына қару-жарак асынған бір топ атты казак келіп, мылтық атып қазақты қорқытып «контрибуция» деп сол ауылдан 3157 сом ақша жинап алды.

Жоғарыда аталған адамдардан мал-мүлікті қалай талап алғандығы һәм уақыты қағазда түгел жазылған.

«Қазақ»-қа⁴⁷ тілектестерге

Оқушыларға мағлұм «Қазақ» газеті һәм баспаханасы 17-нші январьда большевик кесірінен жабылды. Ол кезде ескі 1917-нші жыл бітіп, жаңа жыл туған еді. Сондықтан бұрынғы алып

⁴⁶ Газеттің осы тұсы жыртылуына байланысты қанша ат екені белгісіз.

⁴⁷ «Қазақ» газетіне



тұрғандардың⁴⁸ срогы бітіп, енді жаңадан жазылатын уақыт еді. Газет тоқтап қалған соң жұрттың көбі ақша жіберуден тартынды. Бұл күнде «Қазақ» шыға бастады. Бірақ 1917-нші жыл бойы жиналған газет ақшасы сол жылдың расходуна кетіп, жыл аяғында сарқылған еді. Газет дәл сол кезде тоқталды.

Баспахана жабылған соң қызметкерлер, большевик тәртібі бойынша алдағы үш айдың ақшасын еңбексіз, бірақ⁴⁹ алған. Бұл орынсыз шығын 12 мың сом.

Қолдағы запас ақшаның көбі қағазға жұмсалып еді. Сондықтан «Азамат» ақшасының біразын қағаз ұстап тұр.

Былыр баспахана алғанымыз һәм мұсылманша харфке ақша төлегеніміз оқушыларға мағлұм.

Осы айтылған себептер бойынша «Қазақ»-тың запас ақшасы осы күні жоқ. Қазір «Қазақ»-ты жұмасына екі шығаратын болсақ, айлық шығын 10 мыңнан асады. Қымбатшылықтың жайы, ақшаның құны жұртқа белгілі.

«Қазақ»-қа тілектес азаматтардан өтініш сол:

- 1) Срогы толғандар тез жаңғыртса екен;
- 2) 1918-ншы жылға қарсы 8 сом төлегендер енді қосымша 20 сом жіберсе екен;
- 3) Агенттер «Азамат» серіктері һәм өзге матбуғат досты зиялылар, мырзалар «Қазақ»-ты елге көбірек алдыртуға тезірек ижтиһад⁵⁰ етсе екен;
- 4) Талапкерлер «Азамат» серіктігіне кірсе екен. (Бұрыңғыша бір пай 100 сом);
- 5) Алаш газеті болған «Қазақ» пұлдан тарықпас деп сенеміз. Алаш азаматтары⁵¹ сан қысылғанда «Қазақ»-ты көтермелеп кеткен.

Басқарма.

⁴⁸ «Қазақ» газетін алып тұрғандардың

⁴⁹ еңбек етпесе де жалақыларын алды.

⁵⁰ әрекет етсе екен, атсалысса екен.

⁵¹ Алаш азаматтары «Қазақ» газетін талай рет қиын жағдайға түскенде оны қолдап, қаржылай көмек беріп еді. Бұл жолы да қолдайды, көмектеседі деген сенімдеміз.



Басқармадан жауап

Ақбұлақтағы Ғ. Ақбетке – Қазақ жәбірі туралы жазған мақалаңыз алынды. Пікіріңізге қосыламыз. Бірақ қазір бұл мәселені матбұғат жүзіне шығару пайдасыз. Қазіргі саясат толқыны басылғанша сабыр ете тұруымыз керек.

Оқушыларымызға – Жеті-сегіз күн мейрам болғандықтан газетіміздің бұл нөмірі кешігіп шықты.

Шығарушы:⁵² Міржақып Дулатұлы

Бастырушы: «Азамат» серіктігі

ЖАРНАМА

Орынбор атты әскериіне ат алатын инспектор Торғай облысының қазақтарына һәм қара шекпендеріне білдіреді:

Әскерге ат сатып алатын болды. Ат алатын орын Орынборда ат базарында күн сайын ерте сағат 8 ден басталады. Алынатын аттың жасы 4 ден 12 ге шейін, биіктігі 14 виршуктан 2 кез 2 виршукке шейін һәм онан да артық. Баға атына қарай беріледі.

Аштарға жылу беріңіз!

Түркістан жағынан босып келген аш-жалаңаш қазақ-қырғызға жәрдем ететін Орынборда жылу комитеті бар. Төменгі адрес бойынша һәр кім шамасынан келгенше жылуларын беруін өтінеміз. Оренбург почтовый ящик №102. Комитет по оказанию помощи голодающим киргизам.

⁵² Газетті шығарушы



«Абай» журналы

Алаш қаласында айына екі рет шығады.

Жылдық ақы: – 20 сом.

Жарты жыл: – 11 сом.

Үш айлығы: – 6 сом.

Адрес: Зарьчная Слобода

Семипал. об. журналы «Абай»

«Жас Азамат»

Газеті Қызылжарда жұмасына бір рет шығады.

Жылдық ақы: – 20 сом.

Жарты жыл: – 11 сом.

Үш айлығы: – 6 сом.

Алдырушыларға адрес: Петропавлск

Акмол. об. редак. газ. «Жас Азамат»

«Сары-Арқа»

Газеті Алаш қаласында жұмасына бір рет шығады.

Жылдық ақы: – 15 сом.

Жарты жыл: – 8 сом.

Үш айлығы: – 5 сом.

Адрес: Зарьчная Слобода

Семипал. об. ред. газ. «САРЫ-АРҚА»

This image shows a full page of white paper with horizontal blue or grey ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page, providing a template for handwriting practice. There are no margins, text, or other markings on the page.

[illegible]



Мазмұны

Алғысөз.....	3
Алаш зиялыларынан жеткен аманат.....	6
«Қазақ» газетінің 266-саны.....	8
Баспаға әзірлеушіден	11
«Қазақ» газетінің №266 санының алғашқы бетінің көшірмесі.....	12
Газеттің алғашқы бетінде:	
Жасасын Алаш автономиясы! Көркейсін Алаш!.....	13
Түрік-татар қауымдарының баяндамасы	16
Газеттің екінші бетінде:	
Ішкі хабарлар.....	17
Мұсылман уәкілдерінің кеңесі	19
Газеттің үшінші бетінде:	
Алаш уәкілдері	24
Алдымыздағы борыштар.....	26
Өткен қате.....	27
Таланған қазақтар.....	29
Газеттің төртінші бетінде:	
«Қазақ»-қа тілектестерге.....	33
Басқармадан жауап.....	35
Жарнама.....	35

«Қазақ» газетінің 266-саны
(түпнұсқа мәтін және аударма)

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитеті

Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі
ғылыми-техникалық ақпарат
орталығында басылды.

Баспаға әзірлеген: Палтөре Ықтияр

Таралымы 150 дана.

Қазақстан Республикасы,
050000, Алматы қаласы, Абай даңғылы 39.
тел.: +7 (727) 267 14 72
e-mail: cntidad@mail.ru